

«Бекітемін»
«Балаларды ерте дамыту институты»

РММ директоры

М.Адамова

« 30 01 2022 ж.



«Мен зерттеушімін» республикалық мектепке дейінгі жастағы балалар байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында балаларға арналған «Мен зерттеушімін» республикалық байқауын ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Институт) 2022 жылға арналған жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектепке дейінгі жастағы балалардың қоршаған ортаны танып-білуге құштарлығына қолдау білдіру арқылы бала тұлғасының интеллектуалдық, шығармашылық дамуына, ой-өрісінің кеңеюіне ықпал ету.

1.4. Міндеттері:

- балалардың танымдық белсенділігін қолдау үшін жағдай жасау;
- қарапайым зерттеулер жүргізуге балалардың қызығушылығын арттыру;
- балалардың танымдық, коммуникативтік, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын және командада жұмыс істеу қабілеттерін дамыту;
- балалардың танымдық-зерттеу қызметін дамытудағы педагогтер мен ата-аналардың бірлескен қолдауы;

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқаудың ұйымдастырушылары «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, облыстық, республикалық деңгейдегі қалалар мен астананың білім басқармалары болып табылады.

2.2. Байқауға мектепке дейінгі ересек жастағы, мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының балалары қатысады.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең - аудандық (қалалық);

II кезең - облыстық;

III кезең - республикалық.

2.4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде қазылар алқасының құқықтары берілген Байқау комиссиясы құрылады.

2.5. Байқау комиссиясының құрамына ұйым басшылары, жоғары білікті педагогтар, әдіскерлер, ата-аналар қауымдастығының өкілдері және т.б. кіреді.

2.6. Байқау комиссиясының мүшелері ұсынылған материалдарды зерделейді, байқаудың келесі кезеңдеріне қатысу үшін жеңімпаздарды анықтайды. Байқаудың қорытындысы бойынша бір жеңімпаз анықталады, ол келесі кезеңдерге қатысу үшін жіберіледі.

2.7. Республикалық кезеңнің байқау комиссиясына облыстар, республикалық деңгейдегі қалалар мен астананың білім басқармалары келесі байқау материалдарын ұсынуы тиіс:

1) облыстар, республикалық деңгейдегі қалалар мен астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

3) екінші кезеңнің қорытындысы бойынша облыстық, республикалық деңгейдегі қалалар мен астананың білім басқармаларының **байқау комиссиясының хаттамасы** (сканерленген көшірмесі);

4) жоба мәтіні MicrosoftWord редакторында, қаріп – Times New Roman, кегль 14 ұсынылуы тиіс (бір жоларалық интервал). Жиіектері стандартты: сол жақта – 3 см, оң жақта – 1 - 1,5 см, жоғарғы жағында-2 см және төменгі жағында-2 см. барлық парақтар нөмірленеді;

5) ізденіс және зерттеу барысы бойынша түсірілген **бейнематериал** (осы Ереженің 2-қосымшасы).

3. Байқауға ұсынылатын жұмыстарға қойылатын талаптар

3.1. Байқауға мектеп жасына дейінгі ересек, мектепалды даярлық топтары мен сыныптары тәрбиеленушілерінің жеке және топтық жұмыстары тәрбиелеу және білім беру тілінде ұсынылады.

3.2. Байқауға жеке қатысушылар (педагогпен немесе ата-анасымен бір тәрбиеленуші), шығармашылық топ (педагогпен немесе ата-анасымен тәрбиеленушілер (*бірге 5 адамға дейін*)) қатыса алады. Бір автор немесе топ тек бір жұмысты ұсына алады.

3.3. Жұмысқа қойылатын талаптар:

1) зерттеу тақырыбының баланың жасына сәйкестігі;

2) таңдаған тақырыбының ашылуы;

3) ізденіс және зерттеу жұмыстарын жүргізуде қауіпсіздік ережелерінің сақталуы;

4) зерттеу жұмысына қолдау көрсетудегі педагогтің кәсіби шеберлігі;

5) зерттеу нәтижесінің бала үшін маңыздылығы;

6) ата-ананың пікірі;

7) педагогтың қорытындысы.

3.4. Жобаны қорғау үшін қатысушылар көрнекі материалдарды қолдана алады.

3.5. Материалдар **«Мен зерттеушімін»** байқауының атауымен **2022 жылдың «12» мамырынан** кешіктірілмей i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

4. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау

4.1. Байқау жеңімпаздары ҚР БҒМ Балаларды ерте дамыту институтының І дәрежелі, жүлдегерлер ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдарымен марапатталады,

4.2. Байқау қорытындылары мен жеңімпаздардың байқауға ұсынған материалдары Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.

 облысы бойынша
«Мен зерттеушімін» республикалық мектепке дейінгі жастағы
балалар байқауына қатысу үшін
ӨТІНІМ

Мектепке дейінгі ұйымның толық атауы	
Жобаны орындаушы (аты-жөні, жасы)	
Жоба жетекшісі (аты-жөні, лауазымы)	
Жоба тақырыбы	
Мақсаты, міндеттері, нәтижесі	

Жобаны қорғауға арналған бейнематериал (10 балл)

Бейнематериалдың басты бетінде мектепке дейінгі ұйымның атауын; жұмыстың, жобаның атауын; авторлардың (баланың тегі, аты, жасы) және жетекшілердің (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, жұмыс орны) туралы мәліметтерді көрсету қажет.

Бейнеролик ізденіс және зерттеу жұмысының барысын, нәтижесін көрнекі түрде көрсете отырып, баланың (балалардың) сөйлеген сөзін қамтуы тиіс.

Бала (балалар) зерттеудің ол (олар) үшін маңыздылығын, өзі күтетін нәтиженің болжамын, зерттеу жұмысының нәтижесін түсінікті жеткізеді.

Жұмыстың мазмұны баяндалады. Бала (балалар) зерттеу қалай жүргізілгенін, қандай әдістер қолданғанын, қандай құралдар пайдаланғанын айтады.

Алған нәтижелерін көрсетеді және бағалайды, қорытынды жасайды, тақырыптың неліктен қызықтырғанын, алдағы уақытта қандай зерттеулер жасағысы келетінін айтып береді.

Пайдалануға болады:

мультимедиялық сүйемелдеу, фото – бейне-аудиотекалар; тәжірибелер, эксперименттер, бақылаулар нәтижелері; суреттемелер, сызбалар, кестелер және т. б.

Жобаны таныстырудың ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс.

Байқау жұмысын бағалау мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- жобаның мәлімделген тақырыпқа, жас санатына сәйкестігі;
- мақсат, міндеттер мен нәтижені қалыптастырудың бар болуы және сауаттылығы;
- материалды ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігі;
- жұмыстың жүйелілігі;
- жоба бойынша жұмыстың әртүрлі кезеңдерін орындауда баланың (балалардың) дербестік дәрежесі;
- шығармашылық тәсіл;
- материалдың жоба тақырыбына сәйкестігі;
- жобаның эстетикалық дизайн деңгейі.

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- рұқсаттылығы HD төмен емес (1280x720);
- формат *.mp4;
- бейнематериалдың хронометражы 5 минуттан аспауы қажет.